

еркіншілдік пен жекешілдік факторларын қамтыды, буржуазиялық бағыт алды.

Үшінші, діни реформаның кеңеюі және маңызы.

Мартин Лютердің діни тағылымы Германияның солтустігі мен оған бөлігінде тез тарады әрі Лютер мәзхабын қалыптастырыды, осының ықпалында Швеция, Франция, Ұлыбритания қатарлы елдер арт-артынан діни реформа жүргізді де, каловианшылардың протестант діні және Ұлыбританияның мемлекет діні тағы басқа пайда болды. Протестант діні жаңа гулденген буржуазияның немесе ұлттық мемлекеттердің мұддесін бейнеленгенін атап ету керек. Реалға бірлестіре отырып студенттерге бүгінгі таңдағы батыс елдерінің діні сенім жағдайын ұғындырса болады.

Діни реформа дін бүркеніш жамылып жүргізілген феодальдық үстемдікке және Римнің діні үстемдігіне карсы саяси қозғалыс, діни реформа қозғалысы әдебиет-керкемөнердің қайта гулдену рухын жайғастырыды және дамытты. Әдебиет-керкемөнердің қайта гулденуі зиялыштар жігіттегі гуманитарлық рухын оятты делінсе, онда діни реформа қарапайым халықтың гуманитарлық идеясын тікелей қозғады, соңықтан оның маңызы анағұрттармен терен болды. Оның нақтылы ықпалы төмендегі үш жақтан бейнеленеді: бәрінен бүрын Батыс Европа феодал құштеріне ауыр сокқы беріп, католиктің дінінің рухи дара билеуін талқандады, протестант діні алғашкы буржуазиялық тәңкерістің туына айналды әрі сонан кейінгі жерде буржуазиялық тәңкерістің туылуына келелі ықпал жасады. Оナン қалса, Батыс Европа мемлекеттерінің ұлттық мәдениеті мен оку-агарту істерінің дамуын ілгерледti. Сонымен қатар саяси және экономикалық жағдайлар патшалық дара билік түзімін нығайтты, жаңа гулденген ұлттық мемлекеттерді қүшейтті.

Резюме

В статье речь идет об эффективных методах обучения истории по теме «Религиозная реформа в Германии».

Resume

This article is about effective methods of training of history on a theme «Religious reform in Germany».

Тойғанбекова М. Н.
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық
университеті

Балаларға арналған шығармалардың тақырыптық, танымдық ерісі

Бұл бөлімде қаламгердің балаларға арнап жазылған шығармалары, әдебиеттегілері тақырыптық, танымдық түрғыдан жүйеленіп, талданады.

Үрпақ тәрбиесі ұлы іс екенін ертеңін ойлаған елдің ешқайсысы да есімін шығармаған. Осылай ұлы істің белінбес бір саласы – балалар әдебиеттегі

атынан бұрын заты дүниеге келген киелі, ең бір тарихы мол өнер болуы да сондықтан. Тіпті әдебиет тарихының жоталы сілеміне үстірт қана көз тастаған адамның өзі оның басқа сипаттағы түрлөрі балалар әдебиетінен негіз алып, тек содан ғана есіп-жетілгенін бірден ангартады. Әрине, әдебиеттің даму эволюциясына бұлай қарау сөз өнерінің кара топырағы – фольклордың еңбектеген баладан, еңкейген көріге де күні бүтінге дейін рухани азық болып келе жатқандығын жокқа шығарғандық болар еді. Осы орайда, М. Горький айтқандай, «Балаларға арналған әдебиет өзінің көркемдігі жағынан кем дегендे, үлкендерге арналған әдебиеттің алдынғы қатарлары мен иық тірестіре алатында болуы керек» [36, 12 б.].

Міне, осы жағынан келгендеге көркем әдебиеттің баланың рухани есесінде қалайша әсер ететінін әркім-ақ толассыз мойындасты. Қазак кенес әдебиеттің жаңа қалыптарын келе жатқан кезінің өзінде жас үрпақ балаға қажет әдебиеттеген тапшылық кере қойған жок. Қаншама жасөспірімдер Пушкиннің ертегілерін, Крыловтың мысалдарын, Лев Толстойдың балаларға арналған әңгіме, повестерін оқып өсті. М. Горькийдің балаларға арналған шығармаларымен танысты. Дүниежүзі әдебиеттің балалар мен үлкендерге ортақ геройлары Том Сойер мен Гекльберри Фин, Робинзон Крузо мен Гулливер, Мюнхаузендер қазақ балаларының сүйкітілеріне айналды. Осыларға қосылып Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Қебеевтің өлең, әңгімелері қазақ балаларының рухани қазынасына айналды.

Кеңістік кезенде де балалар әдебиеті есейіп, өзіндік дәстүрге ие болғанын көреміз. Бұл дәстүрдің басында орыстың көрнекті жазушылары Аркадий Гайдар, Самуил Marshak, Корней Чуковский, Сергей Михалков, Валентин Катаев, Борис Житков, Лев Кассиль, Агния Барто, Виталий Бианки тағы басқалары тұрғаны ақыншы. Алайда, ең бастысы, балаларға арналған аудыз әдебиеттіңде тәрбиелік және танымдық мәні басым жатты. Қазақ аудыз әдебиеттіңде үлттық тәрбиенің, үлттық танымның небір асып үлгілері жасалды; көркемдігі кемел, ойы терен, мазмұны мәнді шығармалар дүниеге келді.

Осы қағидаларды саралтай келіп, балалар әдебиеттің зерттеуші Шеген Ахметов былай дейді: «Дүниедегі барлық зат қарама-қарсылықтың бірлігінен тұрады дейтін болсан, балалар соның себебін айқындаі, іздестіру арқылы ғана өмірді дұрыс тани білетін, сол өмірдің түрлі қайшылықтарына қарсы тұра алатын төзімді суреткөр, өмірге бейім азamat болып есуі тиіс» [37, 8 б.] .

Сондықтан да қазақ балалар фольклорында жас балғынның жан-жақты тәрбиеленіп, өмірдің небір қындықтарын женуге дайын күрескеп болып қалыптарына назар аударылды.

Қазақ балалар фольклорын жинау, бастыру істері XIX ғасырдың II жартысынан бастап қолға алына бастады. Ә. Дибаев, Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауғитов, С. Қебеев, Б. Өттетілеуов, Т. Жомартбаев, С. Сейфуллин, М. Әuezов, С. Мұқанов, Ә. Тұрманжанов, М. Ғабдуллин, М. Әлімбаев, С. Қасиманов, Ш. Ибраев т.б. балалар аудыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру істерінде айтарлықтай жұмыстар атқарды.

Бір кездері Ахмет Байтұрсынов: «Жақтардың оку тәрбиесі түзелмей, жүртісі түзелмейді» [38, 6 б.], – деген даналық пікір айтқан еді.

Осы орайда, алаштыл рухтағы ұлы зиялыштар мектепке арналған оқулыктарында ауыз әдебиеті үлгілерін молынан пайдаланды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттағы ақын-жазушылардың барлығы дерлік балаларды өнер-білімге үндеген шығармалар жазды.

С. Кебеев мектеп балаларына арнап «Үлгілі тәржіма», «Үлгілі бала» (1912) оку кітаптарын шығарды. М. Кәшімовтің «Өдеп» (1907), «Ақыл» (1908) М. Нұрбаевтың «Көргенді бала – үлгілі ана» (1908), F. Мәжитовтің «Қазак шәкірттеріне ақыл» (1910), Т. Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), А. Байтұрсынұлы мен Т. Шопанұлының «Оку құралы» (1927), Ә. Тұрманжановтың «Қошан кедей» (1927), I. Жансүгіровтің «Малта», «Шәркей» (1929), «Жұмбак» (1930) жинақтары жарық көрді. С. Торайғыровтың «Қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам», «Шәкірт ойы» (1915) деген өршіл үні сол кездегі жастардың арманына қанат бітіріп, білімділіктің, азаматтықтың биік жолдарына жол бастады. Сол сияқты М. Дулатов, М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, С. Сейфулиннің, Б. Майліннің, Ш. Иманбаевтың т.б. көптеген шығармалары елдің ертеңі – балаларға арналды.

Бұл жерде, ең бастысы, Жарасқан Әбдірашев айтқандай, «қалам төсөлген ақын-жазушылар үшін бұдан былайғы творчестволық процесс – балалар психологиясын зерттеу, олардың өзін қоршаған ортамен карыннатынасын, әртүрлі құбылысқа, әртүрлі оқиғага байланысты түйетін ой, істейтін әрекеттерін сарапқа салып, соның мұраттың жақтарын жатық ұтымыды формасын тауып бере білу» [39, 7 б.], – деген пікірі ете орынды.

Қазақ балалар әдебиеті отызынши жылдары К. Әбдікадыров, А. Токмаганбетов, Т. Жароков, Ж. Сайн. Ж. Сыздыков, қырқынши жылдары Ж. Жабаев, К. Аманжолов, М. Хакімжанова, Ә. Тәжібаев, F. Орманов, елуінші жылдары С. Бегалин, Ә. Тұрманжанов, М. Тиесов, С. Бақбергенов, М. Әлімбаев, Ә. Табылдиев, Ә. Дүйсембиеев, Б. Ысқаков, Қ. Мырзалиев, Қ. Ідырысов, Ж. Смақов, Қ. Баянбаев, алпысынши жылдары О. Әубекіров, Ш. Смаханұлы, Х. Ергалиев, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Ахметов, Ж. Әмірбеков, I. Мәмбетов, Т. Молдағалиев, М. Иманжанов, С. Омаров, Б. Соқпақбаев, С. Сарғасқаев, Н. Сералиев, С. Бердіқұлов, С. Қалиев, М. Гумеров, жетпісінші жылдарда Т. Нұрмагамбетов, О. Бекешев, М. Қабанбаев, Н. Даутаев, Қ. Омаров, М. Айымбетов, С. Асылбеков, С. Сәукетаев, С. Жұбатыров, Н. Мұраталиев т.б. ақын-жазушылардың түрлі жанрларда жазған шығармаларымен толыға түсті.

Қазақтың профессионал балалар әдебиетін қалыптастыруға ерекше еңбек сінірғен, жас үрпакқа арнаған шығармаларының барынша жатық, тілде жеңіл, көнілге қонымды болуын көп ойлад, көп іс тындырып жазушылармыздың бірі – Мағзұм Тиесов. Баяндалар ой, айтылар оқынғанда қашшалықтың, қашшалықтың эсерлі болғанымен, техникалық жағынан мүлтікісіз орындалмаса, кішкентай оқырман жүргегіне жол таба алмайтын

бесенеден белгілі шындық. Ал ол үшін жазушылық талантпен бірге айрықша шеберлік керек.

Мағзұм Тиесов – бала психологиясын бажайлай зерттеп, оның мінезін жетік білуге келгенде, үлгі етіп ұсынарлықтай жетістігі бар қalamгер. Белгілі ғалым, академик Серік Қирабаев жазушы талантына баға бере келіп, былай дейді: «М. Тиесов «Дала перзенті» деген повесть жазып, жас ұрпақты Еркебұлан атты дала баласының сүйкімді мінез-құлқымен таныстырады. Осының бәрін саралай келгенде, жас ұрпақ үлгі алатын геройлардың біздің өміріміздің барлық саласында да белсенді қызмет істеп жургенін көреміз» [40, 268 б.].

Қалай дегенмен де зерделі қalamгердің қаламынан қалтарыс қалған тақырып болған жок. Ол елуінші жылдары өзіне аса жақын тақырып балалар өмірін жазуды үдете түсті. Бала дүниетанымының білгірі Мағзұм жас өкірманның қалыптасу кезеңіндегі өмір өткелдері, бала санасындағы объективтік жағдайлар туғызған өзгерістер жайында сүбелі де, аса құнды шығармалар жазды.

Мағзұм Тиесов – тынымсыз ерінбей еңбек етіп, артына мол қазына қалдырған бірегей суреткер. Кезінде еліміздегі ірі оқиғалардың бәріне де үн косып отырған еді. Қорған-білген оқиғасы жайлы жазуға әдебиетіміздің қай жанры икемді болса, сол салада қалам тербеді. Соңдықтан да Мағзұмды әнгімеден гөрі очеркке не очеркten гөрі фельетонға немесе өлеңнен гөрі кара сезге бейім еді деп, оның шығармашылығына аралық шек қойып сөйлеуге ешбір де болмас еді. Өйткені ол қай жанрда жазса да, керкем сөздің құдіретін танытты. Бір кезде Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Ар білімі» деген білім өкітуы керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып... адам бойында жеке ардын қожа болып қалу жағын көздеу керек» [41, 61 б.], – деген еді.

Міне, Мағзұм да Шәкәрімнің осы ар білімін басшылықка алған сияқты. Халық мұңын, қуаныш қайғысын, болашаққа үмітін, арман-мұратын жеткізген күйлер сазы, ана сүтімен ізгілік қасиеттерді бойына дарытар туған топырақ, туған жер тақырыбы – Мағзұм Тиесов үшін қашанды ұрпақ тәрбиесінің, патриоттық сезімнің бастау – бұлагы, қазына-қайнар көзі іспеттес. Сарыарқаның сағымы, Қорғалжын тенізінің жанға шипа ауасы, ақ жауальықты ана, мейірімді әже, тау мен дала, күннің батуы, тун жұмбағы, тан самалы – бәрі-бәрі сұлулық пен дүние тылсымынан сыр тартудың, өмір туралы ой түюдің, жазушылық телегей-тәңіз толғаныстың, киял өрісінің катализатор козгауышы күші, қонған тұғыры.

Осы орайда, тағы да С. Қирабаев пікірін кірістіре кетуді жөн көрдік: «Тұған даланың табигатына деген жылы махаббатты біз К. Исабаевтың «Қара баласы», М. Тиесовтің «Дала перзенті» повестерінен де табамыз. Ондағы ғасырлар бойы «акын өлеңіне өзек, энші шабытына қанат болып» келген сұлу Баян мен Сарыарқа табигатын тану идеясы, оған тығыз байланысты берілген кейіпкерлер сезімінің көріністері характерлерді танумен бірге, олардың табигат, жер – сол арқылы Отан сую сезімдерімен ортақтастырады.

Тұған жер туралы сезімге оқушыны ортактастыра білу – халықтың тарихы мен тарихи адамдардың өмірін жүрекпен түсіну, оймен жете ұғыну, Отан сүндін не екенин, Отан дегенниң өзі не екенин жас ұрпаққа жеткізе алатын ұтымды жол. Халық тарихы мен ерлер жолы оларға жоғарғы идеалды арман тұтатын достар болып өсуге көмектеседі. Тек оны әдебиеттің көркем тілімен жеткізіп айтуда көрек» [40, 279 б.].

Баспасөз берілгенде саласының түрлі бөлімдерінде еңбек еткен Мағзұм тұған өлкесіне үнемі ат басын бұрып, жаратылыстың алуан түрлі ғажайыптарымен танысып, оның көркем көріністерін суреттеуге зер салды. Бұл ретте Мағзұм Тиесовтің еліміздегі екі рет басылып, сол сиякты Мәскеуде орыс тілінде жеке кітап болып шығып, бүкіл одакқа танылған «Дала перзенті» повесін ерекше атап еткен жөн.

Қай заманда қызмет етсе де, белгілі жазушылардың барлығы да балаларға арналған әдебиетке үлкен ілтипатпен қараған. Тіпті Пушкиннің өзі дүніне салар алдында соңғы хатын балалар кітабына арнағаны белгілі. Михаил Пришвин: «Үлкендерге де тамаша эстетикалық сезім беретін ең биік әдебиет – балалар әдебиеті» [42, 56 б.], – деген еді.

Мысалы, Сәбит Мұқанов өзінің «Бакташының баласы» повесінде халықтың жылқышылық өнерінің бүгінгі ұрпаққа ауысып жатқан улға істерін суреттесе, Мағзұм Тиесов «Дала перзенті» повесінде халқымызының шопандық дәстүрінің қыр-сырын шебер тілмен кестелейді. Екі жазушы да жас ұрпақты халықтың дәстүрлі салтымен, әдет-ғұрпымен, кәсібімен таныстырады. Сол арқылы бала ұғымын кеңейтуді, оның өмір танудағы тәжірибесін жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар Мағзұм Тиесов қазақтың ескі әдебиеті үлгілерін жасағып билетінін, сол материалдар негізінде бүтінгі ұрпаққа үлгілі, гибратты сез айтуда ұмытылатынын байқатады. Оның «Дала перзентіндегі» кәрі әже алты жасар баламен тіл тауып сейлесіп, бойындағы бар тәлімін, талап-қайраттың жас буынға арнап отырган халық даналығының өкілі десе болғандай. Балаларға арнаған кай шығармасында да қарымды қаламгер жас ұрпақтың гуманистік ой-пікірге баулып, еңбекке тәрбиелеуге көркем туынды арқылы өз үлесін қосады. Ол табиғатты суюге, тіршілікті қадірлеуге, өмірді кеңірек тануға үртеді.

Енді «Дала перзентінің» бала қиялын шарықтатар тұстарына назар салынады. Оның өзінде көркем көрек.

Сарыарқаның сауырын ешбір өзен көлденен кесіп етте алмайды. Сарысу, Сарықенгір, Қаракенгір, тоқсан тараулы Торғай, алпыс екі арналы Ырғызы. Сарыарқа сауырының күнгей беткейінде агады. Өзен жолы – ұзақ жол, киын жол. Олар ұзақ адасады. Сары, Қаракенгірлер, Таңды, Жем, Қысыраққеткендер Сарысуга құяды. Сарысу Сырдария қайдастында ұмтылады. Бірақ жете алмайды. Аккүм, Қосқана, Сегізбай, Сарыала деген күмнан әрі аса алмайды. Тоқсан тараулы Торғайдың басы кішкентай тауып емес, әлемге әйгілі Ұлытаудың батысынан басталады. Алпыс екі арналы Ырғызы Мұғаджардың шығыс баурайынан. Екі туыс кездеспекші болады. Біріне-бірі қарама-қарсы қозғалады. Өте ұзақ адасады. Ақырында кездеседі.

Екейі бірігіп, Арап теңізіне қарай алпыс километр ағады, өте шаршап, әсіреп ағады. Арап теңізіне жету қайда? Батпакқараға құйып тынады.» [12, б.]. Осы бір кішкене ғана көріністе казак даласының қашшама езен, көлі, қашшама шөлі мен теңізі, қашшама таусы мен қыраты аталаып өтеді, ең қызығы, олардың бір-бірімен шым-шытырық байланысы ғажап дәлдікпен суреттеледі.

Біз өмір шындығын, табиғат көріністерін дәл бейнелеу дегенді көп штамыз. Осы «дәл бейнелеу» дегениң өзі не? Бұл айналадағы тіршілік ортастын, қым-куыт өмірді жып-жылмагай, тартыссыз, қоңылді де әсем етіп сүреттеп қана кою емес. Өз бетімен өмірге ұмтылған кезде, қай баланың болсын, өміріне, тіршілігіне бөгет жасар қындықтарға ұшырайтыны белгілі. Үздіксіз күресте жүріп, жас жүрек қыншылық үстінде қатайып, ер жетіп, жол табады. Жасты есейтетін – бірыңғай айттылатын насиҳат емес, сезім, өмірдің тартысын сезіну. Кейде қайғы да бала сезімін есейтеді, оның есін кіргізеді. Сондықтан да ұлы жазушы Лев Толстой: «Адам өмір сүру үшін күрестесу, әздену керек. Шатасу, қателесу, ұрыну, бастап, тастап кету, тастап кетіп, жайта бастау, ылғи күрестен өмір кешу керек. Тыныштық – жан жауыздығының белгісі», – деп тегін айтпаған болар! [18, 1 б.]

Табиғат көріністерін, өмір шындығын осы түрғыда бейнелеуге ұмтылу М. Тиесов шығармаларында кен орын алды. Оның балалар әдебиетіндегі бүкіл шығармашылық табысына жан беріп түрган сиқырлы құштің көзін әздестіретін болсақ, осы ерекшелігіне назар аудармай өту мүмкін емес. Әнгіме, повестерінің дені бала ұғымына бірден қона кететін салмақты ой тудырарлық тартымды оқиға, жеңіл штрихтарға құрылады. Бұдан қаламгердің «арық сейлеп, семіз шыққанды» ұнататынын, ұлken толғам айтамын деп үстірттікке ұрынбай, қарапайым ғана шындықтан терең философиялық шешім табуга тырысатынын сезінеміз. Автор – әсіресе туған жер көріністерін беруде камшы салдырmas шебер.

«Корғалжын ауданында үлкенді-кішілі жұз отыз бір көл бар. Ол көлдер - жер жүзіндегі құстардың ең жақсы, ең жайлы жайлauы. Корғалжын көлдеріне жыл сайын жұз елу екі түрлі, іә, екі жұз елу екі түрлі канатты керуен келеді.

Көліміздің, жеріміздің көркі, қоңліміздің гүлі - көшпелі достарға аңшылар қиянат жасай берген сон, мемлекет камкорлыққа алды. Қорық ашып, Корғалжын көлдерін «құстар үэлияты» деп атады» [14, 270 б.]. Автор даланың осы сұлу табиғатына балалар сезімін ояту арқылы, олардың эстетикалық дүниетанымын барынша байыта түседі. «Дала перзентінде» бүкіл тіршілік сүреттері Еркебұлан деген баланың көніл көзімен бедерленеді. Бұл шығарма балалармен қоса, ересектер үшін де қызықты. Мұны оку үстінде біздің әрқайсымыз өз балалық шагымызға саяхат жасап қайтқандай боламыз.

Мысалы, Бердібек Соқпакбаев геройлары ұрыншаш, адасын, қателесіп жүріп, шындық жолына түседі. Оның Қожасының, Жәнібегінің, Мұратының тағы басқа геройларының мінез-құлқында мұндай әрекеттер жиі байқалады. Бердібек кейіпкерлері осы жолмен қоғамға пайдалы істер істеуге, адал еңбек етуге үйренеді. Мұндай кемшіліктер Магзұм Тиесов геройы Еркебұлан бойында да бар.

Балалар әдебиетіне шолу жасай келе, академик С. Қирабаевбылай дейді: «Балалар өмірінің шындығын шыныай көрсету талабы С. Сарғасқаевтың «Көнілді балалар», «Сәуленің жана достары», Ш. Мұртазаевтің «Белгісіз солдаттың баласы», С. Сейтхазиннің «Жылқышының баласы», Н. Сералиевтің «Ақбөпе», М. Сүндеговтің «Балық аулаидар барғанда» атты кітаптарында байқалады. [40, 272 б.]

Мағзұм Тиесовтің ез тұстастарынан басты ерекшелігі – ол өз оқушысын қызықтыраар оқиғаны таңдал, талғауға, оны ой салар түйінге бағындыруға өте шебер. Баяндалар жайды кезектестіре жеткізуге, бірінен-бірін өрбітіп, табиғи қалпын сактауға тырысады. Ара-тұра «Батар күн Сарытаудың екі өркеші арасынан отырып алыш, қарап отырады. Оның жалғыз көзі бажырая түседі» [14, 287 б.], – деп, әдемі сурет те сала кетеді. немесе: «Дала да дала! Дала қандай кең еді! Таусылар емес. Дөң де дөң. Дөңдер қандай көп еді. Біттегін емес. Біріне шықсан, тағы бірі. Ойлар боз қырау, дөңдер сары» [14, 296 б.], – деп, дүниені кезе бергісі келетін бала киялын дөп басады немесе: «От, от! От деп сұық үйде жанған отты айтсайшы! Бауырсақ деп қарын ашқанда жеген бауырсақты айтсайшы!» [14, 362 б.], – деп сәби талғамын, тәбетін айна-қатесіз кескіндейді. Бір қараганда, Мағзұм Тиесов – данышпан халқымыздың бай тәжірибесін, әңгімелуеші ретінде көрінеді. Бірақ ол есқі ертегіші емес, ғасырлар бойы халық басынан кешкен өмір сабагын бүгінгі профессионалды әдебиеттің деңгейіне жеткізе көркем бейнелеуеші. Жазушы шығармаларының тілі де халықтық бай қазынадан суарылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алам, 2004.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991, – 2406.
3. Мұқанов С. Проза және сын туралы. // Әдебиет және искусство. – 1939. – №7. – 37-57 бб.
4. Мұсірепов Ф. Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойнан толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1982, – 3526.
5. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1995. – 2486.

Резюме

Статья посвящена нравственно-познавательной роли произведений для детей.

Resume

In this article is devoted a moral-creative role of stories, novels, poems for children.